

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

# ІЗДЕНІС

## *ТТОИСК*

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ



## ТМД ЕЛДЕР АРАСЫНДА ЕРЕКШЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫ ҚҰРУ ТӘЖІРИБЕСІ

ТМД елдер арасында ерекше экономикалық аймақтарды құруда Украинаның «Арнайы экономикалық аймақтағы «Қырым порты» арнайы тәртіп туралы» заңымен бекітілген «Қырым порты» арнайы экономикалық аймақты құру мен оның жұмыс істеу тәртібінің мақсаттары туралы мәліметтер пайда келтіруі мүмкін.

«Қырым порты» арнайы экономикалық аймақты құру мақсаттары мыналар болып табылады: өндіріс, денсаулық сақтау, демалыс пен туризм, ауыл шаруашылық салаларына инвестициялар тарту; бұрынғы жұмыс орындарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру; ең жаңа технологияларды енгізу; сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту; жоғары сапалы тауарлар мен қызметтер көлемін ұлғайту; қазіргі заманғы өндірістік, тасымалдық және нарықтық инфрақұрылымын құру; табиғи қорларды сақтау және тиімді қолдану [1].

Кесте 1 - Украинада еркін экономикалық аймаққа жұмсалатын инвестицияның ең аз көлемі

Инвестицияның ең аз көлемі	Инвестициялардың бағыты
100 мың АҚШ долларынан көп	Тарихи және табиғи мұраны сақтау. Ақпарат, мәдениет және спорт салаларындағы зерттеулер және өңдеулер. Орман шаруашылығы. Халыққа қызметтер көрсету. Спорттық және галантереялық тауарлардың, ойыншықтардың, сувенирлік бұйымдардың өндірісі.
200 мың АҚШ долларынан көп	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көмек. Ауыл шаруашылығы және балық шаруашылығы. Тамақ өнеркәсібі. Тоқыма өнеркәсібі. Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу. Жиһаз өндірісі. Ағаштан бұйым жасау өндірісі.
500 мың АҚШ долларынан көп	Санитарлық-курорттық мекемелердің, қонақ үйлер мен мейрамханалардың қызметі. Тасымал. Құрылыс пен байланыс. Қалдықтарды өңдеу. Туризм, демалыс және көңіл көтерулер саласындағы қызметтер.
1 млн. АҚШ долларынан көп	Табушы және өңдеуші өнеркәсіп. Электр энергиясы, газ және су өндірісі.

Ескерту – автормен жасалған

«Қырым порты» арнайы экономикалық аймағының іс-әрекет тәртібі тек қана онда транзиттік жүктерге қызмет ету, оларды сақтау, жөндеу, сорттау, буып-түю, тасымалдау агенттік және экспедиторлық қызметтер ұсыну, сауда, экспорт пен ішкі нарықты жабдықтау үшін жоғарыда айтылған заң тәртібімен бекітілген «Қырым порты» инвестициялық жобаларын жүзеге асыру кезеңінде тауарлар өндіру мақсатында ең жаңа технологияны қолдану бойынша кәсіпкерлік іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде таралады. Арнайы экономикалық аймақ «Қырым порты» аумағында ойын бизнесіне, соның ішінде казино, басқа құмар ойын үйлерін салуға



тивым салады. «Қырым порты» арнайы экономикалық аймағының субъектілері кәсіпкерлік іс-әрекеттерінің субъектілері болуы мүмкін - «Қырым порты» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан және осында аумақты және «Қырым порты» арнайы экономикалық аймағының басымды дамыту мәселелері бойынша құны 100 мың АҚШ долларынан кем емес эквивалентті инвестициялық жобаларды жүзеге асырушы заңды мекемелер. Осы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шарттары туралы келісім жасау негізінде және «Қырым порты» арнайы экономикалық аймағының субъектілері ретінде «Қырым порты» арнайы экономикалық аймағын басқаруы мен шаруашылықты дамыту ұйымдарымен тіркелген.

Еуропалық одақ елдерінде және соған сәйкес Балтық елдерінде еркін экономикалық аймақтарды құру шарттарын қарастырайық. Еуропалық одақ Кедендік кодексіне негізделі отырып, елдегі өкімет бұйрығымен құрылатын кедендік территорияның бір бөлігі еркін аймақ болып табылады. Сол жерде тұрған Еуропалық одаққа кірмейтін мемлекет тауарына, ол кедендік аумақтан тыс тұр деген ереже таралады. Бұл территориядағы барлық әрекеттерді реттеу кеден бақылауымен жүреді [2]. Еркін экономикалық аймақ келесі пайдалы қасиеттерді меңгереді: кедендік баж салығын, акцизді және айналым салықтарын төлеуден еркін экономикалық аймақты босатады немесе тоқтатады; саяси-сауда санкцияларын (мысалы, импортқа лицензияны) тоқтатады; транзиттік жүкті жинап қоюға рұқсат етеді; баж салығын төлемей жинау үшін жүкті (тауарды) дайындау (буып-түю, маркалау, және т.б.) және экспорт шараларын қолдану мүмкіндіктерін береді.

Литвада еркін экономикалық аймақты басқаруды жүлдені ұтып алған басқару компания жүргізеді, оның құрамына Литва үкіметінің және еркін экономикалық аймақ жасаған жердің муниципалитет кеңесінің бір-бір мүшесі кіреді. Басқару компания заңды тұлға болып табылады, оған еркін экономикалық аймақтың жері жалға беріледі және белгіленген басқару қызметтерін орындауға құқық беріледі [3].

Эстонияның Еуропалық одаққа кіру кезіне дейін Мууга, Силламяэ және Валгада үш еркін экономикалық аймақ жұмыс істеді. Балтық еліндегі арнайы экономикалық аймақтардың іс-әрекеттерінің мысалы ретінде Латвияның қаласы және порты Лиепайдың арнайы экономикалық аймағының жағдайлары мен дамуын қарастырамыз.

Лиепай арнайы экономикалық аймағы қаланың барлық аумағының 65 пайызын алады, яғни 3739 га және өзіне мыналарды енгізеді: порт; өнеркәсіптік аймақтар; бұрынғы өнеркәсіптік база аумағы; әуежай.

Латвия парламентінің қабылдаған «Лиепай арнайы экономикалық аймақ туралы» заңының салдары арнайы экономикалық аймақты құру болып табылды. Лиепай арнайы экономикалық аймақ 20 жылға құрылған және 2017 жылға дейін жұмыс істейді. 2000 га көбі әлеуетті инвесторлар үшін ашық «еркін аумақтар» ретінде топтастырылған.

Лиепай арнайы экономикалық аймағы аумағында жұмыс істейтін барлық компаниялар Латвия Республикасының заңы мен нормативтік актілерінің субъектілері болып табылады. «Лиепай арнайы экономикалық аймақтары туралы» және «Еркін порттарда және арнайы экономикалық аймақтарда салық жүйесін қолдану туралы» заңдар нақты ережелерді белгілейді, олар кәсіпкерлік іс-әрекеттер мен капитал жұмсау (инвестициялау) үшін рәсімдерді және сонымен қатар жылжымайтын мүлік, шетел азаматтарын жалдау, әлеуметтік сақтандыру бойынша



салықтық жеңілдіктер мен шегерулер операцияларына қатысты қолданылатын рәсімдерін анықтайды.

Арнайы экономикалық аймаққа жұмыс істеуге мақұлдау мен компания статусын алған, кедендік баж салығын төлеуден босатылған компанияларға маңызды салықтық жеңілдіктер таралады: кіріс салығынан 80% жеңілдік; жер және жылжымайтын мүлік салығынан 80% жеңілдік, оған муниципалитеттің шешімі бойынша 20% қосымша жеңілдікті қосу; арнайы экономикалық және еркін кедендік аймақтар шеңберінде тауарлар мен қызметтерді жеткізуге 0% қосымша құн салығы; еркін кедендік аймақ шеңберінде мұнай өнімдері үшін акциздік салықтың немесе кедендік жиналымның жоқтығы.

Арнайы экономикалық аймақ компаниялары көрсетілген тікелей салықтық жеңілдіктермен жинақталған салықтық жеңілдіктердің қосындысы инвестицияның толық көлемінің 50% деңгейіне жеткен кезде алғашқы капитал жұмсау бойынша пайдалана алады. Арнайы экономикалық аймақты құру порттың және аймақтың өзінің барлық экономикалық көрсеткіштерін көтеруге ғана емес, сонымен қатар бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобаларды да жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Соның ішінде, арнайы экономикалық аймақтың жүк айналымының өсуі жыл сайын күтілген 10% артық болды. Жүзеге асырылатын жобалар қатарына суға шөгуі 9,5 м көп болатын кемелерді қабылдау үшін акваторияларды тереңдету, өнеркәсіп кәсіпорындарының құрылысы және істеп жатқандарды жетілдіру жатады.

Балтық өңіріндегі еркін экономикалық аймақтардың жұмыс істеулеріне келтірілген мысалдар халықаралық жоспардағы еркін экономикалық аймақтардың даму қарқынын ұзаққа жеткізе алмайды. Бұл бірінші кезекте ерекше порттық аймақтарға қатысты. Ерекше порттық аймақ – бұл әкелінетін және шығарылатын жүктер кедендік баж салығынан босатылатын немесе белгіленген кедендік жеңілдіктері бар порттық аумақ немесе оның бөлігі. Өте жиі ерекше порттық аймақ ерекше (еркін) экономикалық аймақтың бөлігі болып табылады.

Халықаралық тәжірибеде ерекше порттық аймақтар XVII ғасырдан бастап жұмыс істеген. Біріккен Ұлттар Ұйымының өнеркәсіптік даму туралы мәліметтері бойынша 2006 жылдың басында дүние жүзінің 120 елінде 3 мыңдай еркін экономикалық аймақ саналды, оларда 600 млрд АҚШ доллары болатын сомаға экспорттық өнім жасалады және 50 млн-ға дейін адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етіледі. Сонымен, бір жұмыс істеушіге экспорт өнімінің есебі әр жыл сайын 12 мың АҚШ долларын құрайды [1].

Дүниежүзіндегі ерекше экономикалық аймақтардың және бірінші кезекте ерекше порттық аймақтардың даму қарқындарының мысалдары 1-қосымшада келтірілген.

Тасымалдау құрылымдары үшін порттық ерекше экономикалық аймақтар ең үлкен қызығушылық көрсетеді. Ресейдің федералдық заңдарына сәйкес порттық ерекше экономикалық аймақтар теңіз жүк порттарының, жүк терминалдарының аумағында және халықаралық әуежайларда құрылуы керек. Порттық ерекше экономикалық аймақтар ең бірінші кезекте Санкт-Петербургте, Мурманскіде, Усть-Луга мен Новороссийскіде болады деп болжамдауға мүмкін. Ал әуежайлар арасындағы бірінші порттық ерекше экономикалық аймақтар – Красноярск және Домодедово. Порттық аймақтар 49 жылға құрылады.

Порттық еркін экономикалық аймақтарды құру шетелдегі тәжірибесі Қазақстанда өте үлкен қызығушылық көрсетеді, дәлірек айтсақ, «Ақтау теңіз порты» еркін экономикалық аймағы үшін. Ақтау порты Қазақстан Республикасында халықаралық құрғақ жүк, мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған жалғыз теңіз порты.



Каспий теңізінде заманауи порттық кешен, азиаттық, еуропалық көлік маршруттар түйіскен жерінде орналасқан маңызды стратегиялық және көлік торабы болып табылады. Акаба қаласындағы еркін экономикалық аймақтың ерекшеліктері «Ақтау теңіз порты» еркін экономикалық аймағына жақын.

Еркін аймақтарды жасау ендігі мына өзекті мәселелерді шешуге ықпал жасайды деп ойлаймыз:

- отан және шетел ғылыми-техникалық зерттеулерін өндіріске белсенді түрде енгізу, соңынан сол нәтижелерді елдің экономикасында және сыртқы нарықта кеңінен пайдалануға беру (I кезеңде импорттың орнын басатын және жоғары технологиялық өндірісті жасауды жеткілікті нәтиже деп санауға болады, себебі бұл негізгі мақсаттардың бірін шешеді – біздің экономикамыздың технологиялық деңгейін көтеру және жоғары сапалы тауарлармен ішкі нарықты толтыру, II кезеңде валютаның келуін өсіру мақсатында экспортқа бағытталған өндірісті жасау керек);

- ТМД елдерінің экономикасын халықаралық экономикалық қатынастар (соның ішінде валюталық-несие, сақтандыру, ақпараттық, көлік және т.б.) жүйесіне қарқынды ену арқылы экспорттық базаны дамыту және валюталық түсімдерді өсіру;

- өндірістің салалық құрылымын жетілдіру және аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын тездету;

- әлемдік нарықтың шарттарына бейімделген әр түрлі шаруашалық формаларын жергілікті деңгейде қабылдау;

- отандастардың және шетелден қаржыларды тарту;

- «технологиялық көпір» жасау, себебі басқа елдерде жасалған жабдықтау технологиялық параметрлері бойынша біздің елге сай келмейді және керісінше (мысалы, телефон аппараттары және т.б.);

- істегі кәсіпорындарды қайта құруда шетел фирмаларымен бірлесіп жұмыс істеуі;

- ішкі нарықты өндіріске және тұтынуға бағытталған бәсекеге қабілетті тауарлармен толтыру;

- қосымша жұмыс орындарын жасау;

- халық шаруашылығында басқару тәжірибесін пайдалану, жоғары маманды кадрларды даярлау, оларды маркетингке, менеджментке оқыту (бірінші кезде аймақтардың жұмыс істеуінің басты нәтижесі валютаның құйылуы емес, кадрларды даярлау болып табылады, мысалы, Қытайда, жиі басқару тәжірибесін пайдаланады, ол жаңа технологияны тартудан кем болмайды, маңызды мақсаттың бірі болып бағаланады).

Еркін экономикалық аймақтар статусы бар, аймақтық шаруашылық кешендерін қалыптастыру салыстырмалы қысқа мерзімде керекті өндіріс және әлеуметтік инфрақұрылымды, қаржы құралдарын және маманды жұмыс күшін шоғырландыру арқылы айтылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді.

Қазақстандағы қызмет атқарған еркін экономикалық аймақтағы кәсіпорындардың 1996-1998 жылдар аралығында аймақтық экономикасының экспорттық әлеуеті ұлғаймаған, технологиялық деңгейі төмен, өндеу өнеркәсібі мен ғылыми ауқымды саланың дамуы байқалмады.

Осы жағдайдың туындау себебі отандық еркін экономикалық аймақтардың құрылу мақсатының көптігі мен әр түрлілігі, арнайы экономикалық аймақтың нақты басты мақсатының жоқтығы және макроэкономикалық міндеттерді орындау мақсатына жету үшін аймақ қызметінің механизмі толық нақтыланбаған.

Қазақстанның арнайы экономикалық аймақтарының қызметін талдау барысында арнайы құрылған аймақ тек шағын бизнестің, сауда-делдалдық қызметтің дамуына, жалпы жұмысбастылықтың өсуіне ықпалын тигізеді, ал экспорттық әлеуеттің дамуын ынталандыруға, технологиялық базаның жандануына, жалпы ішкі өнім құрылымындағы дайын өнім үлесінің ұлғайуына, бәсекелестік қабілеттілігі мен ғылыми ауқымдылығының жоғарылауына әсерін тигізбейді.

Еркін экономикалық аймақтардың ТМД елдер тәжірибесі мен отандық даму тарихы келесідей қорытынды беріп отыр. Жеке арнайы аймақтардың нақты мақсаттарының ерекшеліктерінің белгілі болып жіктеліну сипатымен айқындалуы керек. Ұлттық мүдденің дамуы мен әлеуетті инвесторлардың мүдделерінің сәйкес келуі, экспорттың дамуына көліктік-географиялық және басқада алғы шарттардың орын алуы тиіс.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Бурак П. Бресткая СЭЗ // Экономика и жизнь.- 1992.- №16.-С.23
2. Кацман Ф.М. Особые экономические зоны // Транспорт Российской Федерации, 2007.- №8.-С. 13
3. Правовой режим свободных (особых) экономических зон в России и Европе (№10(15), 2007.

#### **Резюме к статье**

В статье рассматривается опыт создания особых экономических зон в содружествах независимых государств и возможности их применения в Республике Казахстан.

#### **The resume to article**

In article experience of creation of special economic zones in commonwealth of the independent states and possibility of their application in Republic Kazakhstan is considered.